

Ғұлама ғалымға құрмет
Атырау қаласында академик Қаныш Сәтбаевқа ескерткіш ашылды.

Халқымыздың даңқын төрткүл дүниеге танытқан заңғар ғалым, қазақтың тұңғыш академигі әрі ұлттық Ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Атырау аймағының жер асты қазынасын халық игілігіне жаратудағы еңбегі ересен. Елі ардақ тұтқан азаматтың ол еңбегін атыраулықтар ұмытпақ емес. Лайықты құрмет көрсетіп келеді.

Облыс орталығындағы басты көшелердің бірі, қазақ тілінде дәріс беретін бір орта мектеп сол кісінің есімімен аталады. Енді міне қаладағы сәтбаев пен Пушкин көшелерінің қиылысар тұсынан халқымыздың ұлы перзентінің тас мүсіні- ескерткіш мемориал тұрғызылды. Оның ашылуы салтанатына астанадан келген академик-ғалымдар, қала тұрғындары, студент және оқушы жастар жиналды.

Осы салтанатқа арналған митингіні қала әкімі Н.Мақашев ашып, сөзді республика Ғылым академиясының бас ғылыми хатшысы, академияның корреспондент - мүшесі К.Ә. Сағадиевке берді.

- Атырауға халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға келген біздер, ғалымдар, осындай қуанышты сәтке куә болғанымызға өте қуаныштымыз, - деді ол. – Қазақтың алып перзенті Қазақстан ғылымының қара шаңырағы – Ғылым академиясын 1946 жылы өз қолымен құрған еді. Қанекеннің есімін білмейтін, кемеңгерлігіне бас имейтін дүние жүзінде бірде-бір ғалым жоқ. Ол қазақтың ұлы перзенті ғана емес, әлемдік ғылымның елшісі де болды. Осыдан 43 жыл бұрын Батыс Қазақстанда Ғылым академиясының жиналысын өткізіп, осы өлкенің қазба байлығын ел игілігіне жаратуда да көшбасшы болған еді. Енді бүгін Атырауда Ғылым академиясының бөлімшесін, осындағы пединститут базасында университет ашуға келісіліп отыр.

Қазақ қыздары арасынан шыққан қос академиктің бірі, Қаныш Имантайұлының шәкірті Ш. Батталова ұстазының Атыраудағы мұнай-химиясы және табиғи тұздар институты, басқа да ғылыми ордаларды ұйымдастырудағы еңбегін атап көрсетті.

Сөз академик-жазушы З. Қабдоловқа берілді;

-Табиғат занында жомарт. Бірақ оның дүниеге сирек әкелетін тұлғалары болады, - деді жерлес ғалым. – Мысалы ғылым мен әдебиетті алсақ, ХІХ ғасырда Шоқан мен Абайды. ХХ ғасырда Қаныш мен Мұхтарды дүниеге келтірді. Олар ғасырлық біртуарлар. Ж.Назаров, педагогика институтының кафедра меңгерушісі, ақын Қ. Юсупов сөйлеп, ғұлама ғалым жөнінде лебіздерін білдірді.

Ұлы ғалымның ескерткіші ашылғаннан кейін оның түбіне гүл шоқтары қойылып, құрмет көрсетілді.

Ғ.Шапатов

«Атырау» облыстық қоғамдық-саяси газеті, №99 (16350), 26.06.1992 жыл